

А.Қ. Жұмабекова, Ф. Аманбаева

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: fabby_pearl@mail.ru)*

М. Әуезовтің «Көксерек» шығармасын ағылшын тіліне аудару барысындағы аудармашылық трансформациялардың салыстырмалы талдауы

С.О. Чоракаев пен С. Гейган, С. Холлингсворт аудармалары негізінде

Мақалада М. Әуезовтің «Көксерек» шығармасының С.О. Чоракаев пен С. Гейган, С. Холлингсворт тәржімалаған екі аударма нұсқалары қарастырылды. Авторлар олардың арасындағы айырмашылықтар мен ерекшеліктердің себептерін анықтау мақсатымен зерттеуді лексикалық, синтаксистік деңгейлерде жасап салыстырды. Сонымен қатар авторлар жеке кісілік, уақыт факторларын ескере отырып, олардың аударма барысында аудармашылық трансформациялардың қолдануына қалай әсер ететінін қарастырды. Зерттеудің нәтижесінде С.О. Чоракаев аудармасы нұсқасындағы қателіктер белгіленді, сонымен қатар С. Гейган мен С. Холлингсворт аудармасы қазіргі ағылшын тілінің нормалары мен ережелеріне сай екендігі анықталды.

Кілт сөздер: М. Әуезов, «Көксерек», аудармашылық өзгеріс, С. Гейган, С. Холлингсворт, С.О. Чоракаев, аударманың көптілігі.

Қазіргі таңда «Рухани жаңғыру» [1] бағдарламасының аясында «Біз — қазақпыз...» атты қазақ халқының танымал ақын-жазушыларының шығармалары ағылшын тіліне аударылуда. Осы уақытқа дейін М. Әуезовтің, О. Сүлейменовтің, О. Бөкейдің, М. Мақатаевтың, Б. Соқпақпаевтың, тағы басқа шығармалары Ұлыбритания, АҚШ баспаларынан шығып жатыр. М. Әуезовтің «Қаралы сұлу», «Көксерек», «Қаракөз», тағы басқа шығармаларын Саймон Холлингсворт пен Саймон Гейган ағылшын тіліне аударып, аталған шығармалар «Beauty in mourning» («Қаралы сұлу») [2] деп аталатын жинақ ретінде шықты. Жиырма бес жылдан аса орыс тілді шығармаларды ағылшын тілге аударумен айналысып жүрген филологтар М. Әуезов шығармаларын аударуды «қиын бақыт» дейді: «Аудару барысындағы ең қиын нәрсе — автордың өзіндік стилін беру. Себебі М. Әуезов оқырманмен ұжымдық бейсана атымен сөйлескен болатын. Ол басқа да ұлы ақын-жазушылар сияқты халықты өз терісімен ғана емес, тіпті ғарыш арқылы сезеді» [3]. Алайда М. Әуезов тек ХХІ ғасырда аударыла басталған емес, оның Л. Наврозов аударып, 1957 ж. жарыққа шыққан «Абай жолы» романы, «Жеті жарғы» баспасынан 1997 ж. шыққан С.О. Чоракаев аударған «Көксерек» [4] әңгімелері халыққа танымал.

Осындай жағдайда «аударманың көптілігі» деген ұғымды қолдансақ та болады. Ғалым Ю. Левин бойынша аударманың көптілігі дегеніміз — белгілі бір ұлттық әдебиетте түпнұсқасы мәтін түріндегі бір шет тілінде жазылған әдеби шығарманың бірнеше аудармасы [5; 213]. Ал осындай көптіліктің себептері А. Попович бойынша: «Аударманың қайталануы тілдің дамуындағы өзгерістерге, түрлі стильдердің дамуына, метақарым-қатынас мәнәсімінің өзгерістеріне, белгілі бір дәуірдің эстетикалық сезімі мен талғамына байланысты. Жаңа буынның келуіне, әдеби мектептер мен бағыттардың өзгерістеріне байланысты қажеттілік туғанда түпнұсқа аударылады. Кейбір жағдайларда аударманың қайталануы тек әдеби себептерге ғана байланысты емес, сонымен қатар сыртқы себептерге (мысалы, коммерциялық мүдде) байланысты да болады» [6; 189].

Біз осы жұмыста алғашқылардың бірі болып 2017 ж. шыққан С. Гейган, С. Холлингсворт пен 1997 ж. шыққан С.О. Чоракаев аударған «Көксерек» әңгімесінің ағылшын тіліндегі екі түрлі нұсқасын лексикалық, синтаксистік, стилистикалық деңгейлер бойынша талдап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көрсетеміз. Аудармаларының арасында 20 жылдай уақыт жатқандықтан, аудармашылардың біреулерде ағылшын тілі ана тілі, ал басқасында шет тілі болғандықтан, айырмашылықтардың болуына ешбір күмәніміз жоқ.

Осы екі еңбекті негізге алып, аудармашылардың қандай әдіс-тәсіл қолданғанын көріп, аудармалардың ерекшеліктеріне назарымызды аудартайық. Лингвистикалық аударма теориясының көмегімен біз аудармашылардың қандай трансформациялар қолданғанын көре аламыз. Аудармашылық трансформацияларды В.Н. Комиссаров, А.Д. Швейцер, Я.И. Рецкер, Қазақстан ғалымдарының ішінен А.Қ. Жұмабекова, сонымен қатар оларды translation techniques деп атаған Ж.-П. Вине, Ж. Дарбельне, М. Бейкер сияқты көптеген ғалымдар зерттеген болатын, алайда біз осы

жұмысымызда өзінің жүйелілігіне байланысты В.Н. Комиссаров және А.Қ. Жұмабекова ұсынған аудармашылық трансформацияларға сүйеніп, талдау жасаймыз. В.Н. Комиссаров, А.Қ. Жұмабекова бойынша аудармашылық (тіларалық) трансформация — ол белгіленген мазмұнда бастапқы тіл бірліктерінен аударма тілінің бірліктеріне ауысуы [7; 172, 8; 61].

Алдымен, шығармадағы ономасиондық лексиканың берілу жолдарын қарастырайық.

Қазақ тіліндегі нұсқасы	Орыс тіліндегі нұсқасы	С.О. Чоракаев аудармасы	С.Гейган/С.Холлингсворт аудармасы
Қара адыр	Черный холм	Black Hill	Black Hill
Құрмаш	Курмаш	Kurmash	Kurmash
Көксерек	Коксерек	Kokserek	Kokserek
	Серый Лютый	Fierce-Grey	Savage Grey
Қасен	Хасен	Khasen	Khasen
	Семипалатинск	Semipalatinsk	Semipalatinsk
Аққасқа	Аккаска	Akkaska	Akkaska
Бөгебай	Богамбай	Bogambai	Bogembai
Қанжығалы	Канжыгалы	Kanzhygalys	Kanzhygal

Аудармашылар аударма барысында транслитерация, транскрипция, сонымен қатар калькалау әдістерін қолданған болатын. Көріп отырғанымыздай, аудармашылар жалқы есімдерді бір тәсілді қолданып аударғанына байланысты олардың көбісі бір-бірімен сәйкес келеді. Алайда «Серый Лютый» ағылшын тілінде екі түрлі нұсқасымен берілген. С.О. Чоракаев аудармасындағы *fierce* ол катал, ашулы, ал С. Гейган, С. Холлингсворт аудармасында *savage* сөзі *жабайы* деген мағыналарды білдіреді. Біздің ойлауымыз бойынша, *savage* нұсқасы қасқырды керекті жағынан сипаттайды, себебі шығарманы оқу барысында қасқырдың каталдығына немесе ашулылығына емес, қанша адамдар арасында тәрбиелесен де, оның жабайы хайуан екендігіне назарын аудартады. Сонымен қатар Semipalatinsk сияқты жалқы есімнің қазақ тілдегі нұсқасының жоқтығын айтып кету керек. Шығарманы орыс тіліне аудару кезінде аудармашы А. Пантелеева орыс тілді оқырмандарға түсінікті ету үшін кейбір қосұларды қолданған. Сонымен бірге қателіктерді де байқауға болады. Кестеден көріп отырғанымыздай, қазақ батырының аты Бөгебай орыс тіліне аударылуы барысында өзгеріске ұшырады: «е» әрпі «а» әрпімен ауыстырылды. Ал «Қараадыр» орыс тіліне калька арқылы аударылғандықтан, ағылшын тіліне де солай аударылған болатын. Бірақ осы мәнмәтінде ол географиялық атауды білдіретіндіктен, оны транслитерация жолымен аудару дұрыс болар еді. *Қанжығалы* сөзінің ағылшын нұсқасына қарайық. С.О. Чоракаев аудармасында ешбір ережелерге бағынбайтын *-s* жұрнағы пайда болды, ал екінші нұсқасында тіпті *-ы* әрпі алынып тасталынды. Біз ешқандай ережелер мен нормаларға сай емес екі аударма нұсқасын да қолдай алмаймыз.

Ағылшын тіліндегі екі нұсқасы да орыс тілі арқылы аударылғандықтан, біз талдауымызды орыс-ағылшын тілдеріндегі сөйлемдерді салыстырып жасаймыз.

Жас шөптер басылып, тапталып қалған [4; 8].

Волчи лапы вскоре утоптали свеженарытую землю [4; 48].

The wolves' paws soon tramped down the rummaged earth [4; 80].

Their paws soon packed down the freshly burrowed earth [2; 59].

Осы сөйлемде грамматикалық ауыстыруды көруге болады. С.О. Чоракаев аудармасында *wolves* зат есім болып қалды. Ал орыс тіліндегі *волчи* зат есімін С. Гейган мен С. Холлингсворт аудармасында *their*, яғни есімдікпен ауыстырылды. Аудармашылар осы тәсілді *wolf* сөзін қайта-қайта қолданбауы үшін, әрі оқырмандарға жағымды естілуі үшін қолданған болатын. Сонымен қатар бірінші аудармада *свеженарытый* сөзін тек *rummaged*, яғни жаңа сөзін, алған болатын.

Қозы екі қомағай ауыздың кергісінде қан жоса болып дар-дар айрылды [4; 9].

Волк и волчица набросились на него и в одну минуту разорвали на части [4; 49].

The two wolves pounced upon it and in no time torn it apart [3; 81].

Wolf and she-wolf hurled themselves onto the animal and in less than a minute had torn it to small pieces [2; 60].

С.О. Чоракаев аудармасында *волк и волчица* *two wolves* сөз тіркесімен берілген болатын. Аудармашы осында жалпылау (генерализация) әдісін қолданған болатын. Екінші аудармада *wolf and she-*

wolf сөзбе-сөз аударылып тұр. Қайтадан грамматикалық ауыстыру кездесіп жатыр. Орыс тіліндегі *него* есімдігін екінші аудармада *the animal*, яғни зат есіммен, ауыстырып тұр. Сонымен қатар екінші аудармада аудармашылар сөйлемдерді косу арқылы сөйлемге жағымсыз реңкке ауыстырды.

Ін үстіне мүйіз тұяқтар тасырлап дүбірлетіп келді, айқай-дабыр молайды [4; 9].

Люди съехались у самого логова, прыгнули с коней [4; 49].

The horsemen gathered in a group right before the lair and got off their horses [4; 81].

The men rode up to the lair and jumped from their horses [2; 61].

Бұл мысалда нақтылау (конкретизация) әдісін көруге болады. Бірінші аудармада *люди* сөзін сөзбе-сөз аудармай, нақты қандай адам екендігін нақтылап отыр. Осы жағдайда келген адамдар — салт аттылар. Екінші сөйлемде *men* деп нақтыламай, сол қалпында қалдырды. Екі аудармада да компенсация қолданылып тұр. Аудармашылар *their* есімдігін екі нұсқасында да қосқан. Оның себебі ағылшын тілінде осы мәнмәтін бойынша жай, кез келген ат туралы айтуға болмайды, нақтылап, қандай ат, кімнің аты екенін жазу керек.

Енді біразда көк шөпте әрлі-берлі аунап-аунап, керіліп тұрып, жегендерін құса бастады [4; 9].

Волк и волчица повалялись в сочной пахучей траве [4; 49].

The wolf and his mate rolled around in the juicy, fragrant grass [4; 81].

The wolves sprawled out on the succulent, fragrant grass [2; 60].

Аудармашысы екінші аудармасында екі рет *wolf* сөзін қайталамау үшін жалпылауды қолданған болатын.

Баурын көтеріп, тырбанып жүруге айналған соң, мойнына жіп тағылды [4; 11].

Курмаш не расставался с ним; приготовил для него чистую плошку, мягкий кожаный ошейник [4; 50].

Kurmash did not part with the cub for a moment. He got him a clean saucer and made him a soft leather collar [4; 82].

There was no parting Kurmash from him; he made a new little bowl for him and a soft leather collar [2; 61].

Бірінші аудармада аудармашы бір құрмалас сөйлеммен екі жай сөйлем құрап сөйлемдерді бөліп аударған. Осы орыс тілінен калькаланып аударылғаны көрініп тұр, себебі грамматикалық, лексикалық құрылымы дәлме-дәл қайталанып жатыр. Сонымен қатар осы сөйлемде *с ним* есімдігі *the cub* — *күшік* зат есімімен ауыстырылып аударылды. Осындағы *чистая плошка* сөзбе-сөз аударылса, екінші аудармада *new little bowl* сөз тіркесімен ауыстырылды. Ағылшын тілінде сөйлейтін адамдар итке арналған ыдысты көбінесе *bowl* дейді, Oxford Dictionary бойынша *saucer* — *a shallow dish, typically having a circular indentation in the centre, on which a cup is placed*, яғни ортасында өзіне ғана сәйкес тостағанды қоятын орын болатын жайпақ ыдыс [9]. Сонымен, бірінші аудармаға қарағанда, екінші аударманың ағылшын тілінің нормаларына сәйкес аударылғанын көре аламыз. Осындай жағдай аудармашылардың өздері ана тілі ағылшын болуына байланысты.

Он еще не прозрел, когда у него выросли клыки, — говорила бабушка. — Не успеет встать на ноги — прижмет к затылку уши [4; 50]

He couldn't see yet, and he had already grown fangs, said the grandmother. The moment he can stand on his feet he will flatten back his ears like all wolves do [4; 82].

He hasn't grown to full size yet, but when his fangs are fully grown, he'll be pinning his ears back and snapping at us before he even gets on his own two feet, the grandmother warned [2; 62].

Орыс тіліндегі *еще не прозрел*, яғни *көзі ашылған жоқ* деген сөз тіркесін бірінші аудармада *couldn't see yet*, яғни *әлі көре алмады* деп сөзбе-сөз аударып қойып, ал екінші аудармада модуляция әдісі қолданғаны көрініп тұр. Себебі *hasn't grown to full size yet* сөзбе-сөз аудармасы өзінің толық қалпына дейін өскен жоқ, сондықтан *көзі әлі көрмейді*. Осында себеп-салдар қатынасын байқай аламыз. Сонымен бірге нақтылау да (конкретизация) екінші аудармада қолданылған. Мысалға, *говорила бабушка* бірінші аудармада *said the grandmother* деп беріліп тұр, ал екінші аудармада дәл осы сөз *warned* сөзімен алмастырылды, яғни әжесі жай ғана айтпай, немересін қасқырдың қауіпі туралы ескертіп қойды.

Ауыл-үйдің қатындары өсек таратып жүрді [4; 12].

А женщины сказали [4; 50].

The woman said [4; 83].

But the woman replied [2; 62].

Аудармада *сказали* сөзі *said* нейтралды сөзбен ауыстырылды. Екінші аудармада *сказали* сөзін *replied* сөзімен ауыстырып, іс-әрекетті нақтылады. Осындай трансформация түрін біз нақтылау (конкретизация) деп атаймыз. Әйелдер тек қана айтпай, олар біреудің сөзіне жауап қайтарған болатын.

Көргіш көздер ін түбіне қадалды [4; 9].

Волчица стояла в шиповнике на крутом откосе оврага, вывалив из оскаленной пасти язык. Она все видела [4; 49].

The she-wolf stood in the dog-rose bushes on the steep slope of the gully, her tongue hanging out from between her bared teeth [4; 81].

Standing in the briar of dog roses on the steep slope of the ravine, her tongue lolling from her bared teeth, she could see everything [2; 61].

Осында трансформацияның грамматикалық түрі қолданылып тұр. Бірінші аударма түпнұсқа сияқты. Ал екінші аудармада сөйлемдердің құрылымын ауыстыру арқылы бір жай сөйлем қалдырды.

От аула к аулу ползла худая молва [4; 58].

The frightening news spread from village to village [4; 89].

Terrifying rumors spread from aul to aul [2; 69].

Ауыл дейтін тұрмыстық реалийді бірінші аудармада, С.Влахов бойынша аударма тілінің оқырманына таныс емес ұғымды оған жақын, әрі таныс басқа ұғыммен беру деп аталатын функционалдық аналог [9; 48] ретінде ағылшын тілінде берген болатын, яғни ағылшын тілді оқырманға ауылға жақын ұғым ол *village* (деревня). Ал екінші аудармада реалий транслитерация әдісі көмегімен берілген болатын.

Луна зашла. Ночь была на исходе [4; 57].

The moon had set and the night was drawing to an end [4; 88].

The moon was on the wane. The night was coming to an end [2; 68].

Екі аудармада үлкен айырмашылықтар байқалмайды. Бірақ екінші аудармада *have set* орнына *on the wane* деген эмоционалды-экспрессивті сөз, тіркесін қолданған болатын. Бірінші аударма әсерсіз, «құрғақ» естіледі.

Аязды түнде табанының астындағы қар шықыр-шықыр етеді [4; 17].

Ветер стих, подморозило [4; 56].

The wind was subsided. It was freezing [4; 87].

The wind abated and the frost had set in [2; 67].

Орыс тілді нұсқасын оқысақ, сөйлем бір бүтін сияқты оқылып жатқанын көруге болады. Алайда бұрынғы аударманың сөйлемдерді бөліп аударғанына байланысты, түпнұсқа сияқты әсер етіп тұрған жоқ. Сонымен қатар етістіктің осы жағдайға сай келмейтін шағын қолдануға байланысты лексикалық мағынасы ауысып кетіпті. Ал кейінгі аударма құлаққа жағымды естіліп, түпнұсқа сияқты жағымсыз әсер қалдырып жатыр.

Но Серый Лютый так и не пришел на его зов. Волк появился в ауле ночью [4; 55].

But Fierce-Grey never came back to his call. The wolf turned up in the aul at night [4; 86].

But Savage Grey paid no need to his plaintive calls, only returning to the aul later that night [2; 66].

Алдымен, бірінші сөйлемнің аудармасы орыс тілді нұсқасынан калька арқылы беріліп тұрғаны анық көрініп тұр. *Come back to one's call* ағылшын тіліне грамматика жағынан дұрыс аударылса да, ағылшын тілді елдерде осындай сөз тіркесін есту өте жирек құбылыс. Аудармашы сөйлемді сөзбе-сөз аударып, қателікке ұшырады. Түпнұсқа сияқты да екі жай сөйлеммен берілген болатын. Ал екінші сөйлемге назарымызды аудартсақ, аудармашының сөйлемді эмоционалды реңге боятқаны көрініп тұр. Мысалға, аудармашы компенсация әдісін қолданып, *plaintive calls* сөз тіркесін қосқан болатын, яғни қасқырдың тіпті баланың аянышты шақыруына да елесген жоқ. Сонымен қатар екі сөйлемді қосып аударған.

Раненько они нынче объявились, — сказал чабан [4; 55].

They came quite early this year, a shepherd said [4; 86].

They are early this year, the herdsmen remarked [2; 66].

Осында жоғарыда көп қайталанған нақтылауды көре аламыз. Орыс тіліндегі *сказал* орнына екінші аудармада *remarked*, яғни ескертті деген мағынамен нақтылап тұр. *Чабан* сөзі бірінші аудармада Oxford Dictionary бойынша *shepherd - a person who tends and rears sheep* [10], яғни қойды бағатын адам, ал екіншісінде *herdsmen - the owner or keeper of a herd of domesticated animals* [10], яғни қой, ат,

сиыр, тағы басқа түлікті бағатын адаммен аударды. Бұл нұсқасының қайсысы дұрыс екені анық көрінбейді. Себебі мәнмәтін бойынша сол адамның қай түлік малды бағатыны туралы ешбір сөз жоқ.

И назвал Курмаш своего любимца Коксерек, что означает Серый лютый [4; 54].

So Kurmash gave his pet the name of Kokserek, which means Fierce-Grey [4; 84].

And Kurmash called his beloved cub «Kokserek», which means «Savage Grey» [2; 64].

Бірінші нұсқасында аудармашы *любимец* сөзін *pet* жай ғана үй жануары деп аударып қойды, ал екінші аудармада аудармашылар Құрмаштың қасқырға деген қатынасын, онымен байланысын көрсетіп, жай кәдімгі үй жануары емес, оның жақсы көретін күшігі деп аударып қойып, сөйлемге эмоционалды реңкі қосты. Қасқырдың лақап аты туралы біз жоғарыда сөз қозғаған болатынбыз. Еске салып қойсақ, біз екінші нұсқасындағы аттың берілу жолын қолдаймыз.

Қорытылай келгенде, әрбір аудармашының өзіндік ерекшеліктері, өзіндік стилі айқын көрініп тұр. Трансформацияның тиісті түрін таңдау аудармашының аялық біліміне байланысты, лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларды ескеруді талап ететін күрделі әрекет.

С.О. Чоракаев аудармасында жалпылау (генерализация) трансформацияның түрі жиі кездестіріліп келеді. Сонымен қатар аударманың синтаксистік құрылымы орыс тіліндегі түпнұсқасынан калькаланып келеді осыған байланысты сөйлемдердің сөзбе-сөз аударылғаны байқалып тұрады. Жоғарыда көрсетілгендей, қазіргі ағылшын тілінің нормаларына жатпайтын жайттар да аз емес.

Біздің байқауымызша, С. Гейган мен С. Холлингсворт аудармасында керісінше нақтылау (конкретизация) жиі қолданылады. Аудармашылар компенсацияны қолданып, сөйлемдерді мәнмәтінге байланысты жағымды не жағымсыз эмоционалды реңктерге бояйды. Оның үстіне аудармашылар сөзбе-сөз аудармадан аулақ болып, сөздердің семантикасына қарап аударуына тырысты. Көрсетілгендей секілді басқа да айырмашылықтар көп, бірақ мақала шегінде барлық үлгілерді көрсету мүмкін емес.

Жалпы алғанда, өзінің кемшіліктеріне, 20–30 жыл бұрын тәржімаланғанына қарамастан, С.О. Чоракаев аудармасы ХХ ғасырдың соңының әдеби, мәдени нормаларына жатып, мақсатты аудиториясына үйлеседі. Ал С. Гейган, С. Холлингсворт аудармасы қазіргі ағылшын тілдің нормалары мен ережелеріне сай болуы, өздері ағылшын тілінің иелері ретінде болуына байланысты өткен ғасырдың аудармасына қарағанда жеңіл, түсінікті оқылады. Алайда екі аударма нұсқасы дәнекер тіл — орыс тілі арқылы жасалғанына байланысты, семантикалық жоғалтуларды байқауға болады, сол себепті олардың екеуін де толыққанды аудармалар деп есептеуге дәтіміз жоқ. Сондықтан М. Әуезов сияқты қазақ елінің мұрасының, мәдениетінің өкілдерін бүкіл әлемге жариялап, таныстыру мақсатында осындай мәселелені шешудің бір жолы орыс тіліндегі аудармалардың сапасын көтеру немесе қазақ тілінен тура ағылшын тіліне көркем аударма жасайтын аудармашыларды дайындау.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру [Электрондық ресурс] / Н.Ә. Назарбаев. — Астана, 2017. — Қолжетімділік тәртібі: <http://www.akorda.kz>
- 2 Auezov M. Beauty in mourning / M.Auezov. — Translation by S. Geoghegan, S. Hollingsworth. — London: Russell Press, 2017. — 412 p.
- 3 Корнеева О. «Мы — казахи...» выходим в англоязычный мир [Электронный ресурс] / О. Корнеева. — Режим доступа: <https://dknews.kz/in-the-newspaper/46124-my-kazakhi-vykhodim-v-angloyazychnyj-mir.html>
- 4 Ауезов М. «Көксек» (на казахском, русском, английском языках) / М. Ауезов. — Алматы: Жеті жарғы, 1997. — 112 с.
- 5 Левин Ю.Д. Проблема переводной множественности / Ю.Д. Левин // Литература и перевод: проблемы теории. — М.: Прогресс, 1992.
- 6 Попович А. Проблемы художественного перевода / А.Попович. — М.: Высш. шк., 1980. — 199 с.
- 7 Комиссаров В.Н. Теория перевода (лингвистические аспекты) / В.Н. Комиссаров. — М.: Высш. шк., 1990. — 253 с.
- 8 Жұмабекова А.Қ. Аударма теориясы / А.Қ. Жұмабекова. — Алматы: Абай ат. ҚазҰПУ, 2010. — 264 б.
- 9 Влахов С. Непереводимое в переводе / С. Влахов, С. Флорин. — М.: Междунар. отношения, 1980. — 352 с.
- 10 Oxford Dictionary of English / edited by Angus Stevenson [Electronic resource]. — Oxford University Press, 2010. — Access mode: <https://en.oxforddictionaries.com>

А.Қ. Жұмабекова, Ф. Аманбаева

**Сравнительный анализ переводческих трансформаций
при переводе произведения М. Ауезова «Серый лютый»
на основе переводов С.О. Чоракаева и С. Гейгана, С. Холлингсворта**

В статье рассмотрены две переводные версии произведения М. Ауезова, выполненные С.О. Чоракаевым и С. Гейганом, С. Холлингсвортом. Авторы с целью определения причин особенностей перевода ведут сопоставление на лексическом, синтаксическом уровнях. Сравнивая два текста, авторы исследуют различные факторы, влияющие на перевод. В процессе исследования выявлено влияние данных факторов на использование переводчиками различных переводческих трансформаций. В результате исследования были обозначены ошибки в переводе С.О. Чоракаева, а также было доказано, что перевод С. Гейгана и С. Холлингсворта соответствует нынешним нормам и правилам английского языка.

Ключевые слова: М. Ауезов, «Серый лютый», переводческая трансформация, С. Гейган, С. Холлингсворт, С.О. Чоракаев, множественность перевода.

A.K. Jumabekova, F. Amanbaeva

**A Comparative analysis of translation techniques in the
translation of the work of M. Auezov «Fierce-Grey»
(based on translations of S.O. Chorakayev and S. Geoghegan, S. Hollingsworth)**

In the article two translation versions of M. Auezov's work done by S.O. Chorakayev and S. Geoghegan, S. Hollingsworth are considered. In order to examine the reasons of differences of translation, the authors of the article make a comparison in lexical, syntactical levels. Comparing two texts, the authors consider factors, which have influence on these translations. As well as these factors reflect in translation techniques chosen by translators. The research found that translation of S.O. Chorakayev has several mistakes, and also found that translation of S. Geoghegan, S. Hollingsworth conforms current rules and standards of English language.

Keywords: M. Auezov, Fierce-Grey, translation technique, S. Geoghegan, S. Hollingsworth, S.O. Chorakayev, translation plurality.

References

- 1 Nazarbayev, N.A. *Bolashakka bahdar: Ruhani zhanhury [Future orientation: the spiritual revival]*. akorda.kz. Retrieved from <http://www.akorda.kz> [in Kazakh].
- 2 Auezov, M. (2017). *Beauty in mourning*. (S. Geoghegan, S. Hollingsworth, Trans.). London: Russell Press.
- 3 Korneeva, O. «My — kazakhi...» vyhodim v anghloiazychnyi mir [We are Kazakh... going into English speaking world]. *dknews.kz*. Retrieved from <https://dknews.kz/in-the-newspaper/46124-my-kazakhi-vykhodim-v-angloyazychnyj-mir.html> [in Russian].
- 4 Auezov, M. (1997). *Kokserek [Fierce-Grey]*. Almaty: Zheti zharhy [in Kazakh].
- 5 Levin, U. (1992). *Problema perevodnoi mnozhestvennosti [The problems of translation plurality]*. Moscow: Prohress [in Russian].
- 6 Popovich, A. (1980). *Problemy hudozhestvennogo perevoda [The problems of literary translation]*. Moscow: Vysshaya shkola [in Russian].
- 7 Komissarov, V. (1990). *Teoriya perevoda [The theory of translation]*. Moscow: Vysshaya shkola [in Russian].
- 8 Zhumabekova, A. (2010). *Audarma teoriyasy [The theory of translation]*. Almaty: KazNPU Press [in Kazakh].
- 9 Vlahov, S., & Florin, S. (1980). *Neperevodimoe v perevode [Untranslatable in translations]*. Moscow: Mezhdunarodnye otnosheniia [in Russian].
- 10 Oxford Dictionary of English edited by Angus Stevenson. Retrieved from: <https://en.oxforddictionaries.com>.